



МРНТИ 14.25.07

Г.Т. Абдуллина
Д.Х. БабажановаҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
(E-mail: gulzhan-abdullina-4@mail.ru, dilafruz.babazhanova@ayu.edu.kz)

Заттық-дамытушы ортаның бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудегі орны

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтендіру кезіндегі заттық-дамытушы ортаның рөлі мен маңыздылығы айқындалды. Заттық-дамытушы ортаның жасалуы мен негізгі талаптары айтылды.

Бастауыш сынып оқушылары үшін заттық-дамытушы ортаның қандай талаптарға сәйкес болатыны зерттеліп, оның үлгілері ұсынылды, мектеп бағдарламасына сәйкес ұйымдастыру жолдары көрсетілді. Бастауыш сынып оқушыларының сәтті әлеуметтенуі үшін қойылатын талаптарға талқылау жұмыстары жүргізілді.

Сыныпта орналасқан ойын жабдықтары мен көрнекіліктердің сапасы мен мазмұны талапқа сай орындалуы талқыланды. Оқушылардың өзін еркін дамытуына мүмкіндік беретін ортаны ұйымдастыру жолдары айқындалды. Заттық-дамытушы ортаның бастауыш сынып оқушылары әлеуметтендірудегі маңызын анықтауға байланысты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде дұрыс ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта баланың жан-жақты дамуына, баланың өзіне сенуіне және үлкендер мен құрдастарының өзара әрекеттесуі, дұрыс қарым-қатынас жасауға әсері мол екендігі көрсетілді. Сонымен қатар, ортаны ұйымдастыру кезінде әрбір оқушының жеке даму қабілеттеріне, қызығушылығы, жас ерекшелігі, белсенді әрекеттеріне көңіл бөлу керектігі қарастырылды.

Түйін сөздер: заттық-дамытушы орта; бастауыш сынып; білім беру; әлеуметтендіру.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-15-24>

Кіріспе

Қазіргі білім берудің басты мақсаты – өз бетінше оқи алатын, өздігінен дами алатын оқушыны тәрбиелеу. Бұл әсіресе ХХІ ғасырда, технология тез өзгеріп, үнемі оқып, қайта үйренуге тура келетін кезде өте маңызды. Сон-

дықтан жаңа стандарттардың басты бағыты ретінде оқытудың дамытушы жағына, оқушылардың оқу қабілетін қалыптастыруға деген қамқорлықты күшейту әрекеттерін басты назарға аламыз.

Президент Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылдың 1-қыркүйегіндегі «Халық бірлігі және жүйелі

реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деп аталатын Қазақстан Халқына Жолдауында: «Сапалы білім беру» бағыты бойынша «...жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» деп көрсетеді [1].

Адамзаттың дамуында білім қозғаушы күш ретінде өркениетті қоғамның құрылуының бірден-бір шарты болмақ. Дамуда алда болу үшін бұл процестің дұрыс ұйымдастырылуы қажет. Қоғамның бір бөлшегі баланың дені сау, рухани мықты, стресске төзімді болуы әлеуметтендіру процесімен тығыз байланысты. Әлеуметтендіру процесі дегеніміз тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынасы. Әлеуметтендіру әлеуметтану, психология, этнология және педагогиканың зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келді. Психология бойынша әлеуметтену индивидтің бір қоғамға кіріп, оның нормаларын, құндылықтарын, этикасын, білік-дағдысын қабылдап үйренуі. Жай сөзбен айтқанда қоғаммен гармониялық үйлесім тауып, өмір сүруі. Адамның әлеуметтенуі-ұзақ жылдар бойы жүретін процесс. Өзін осы қоғамның бір бөлшегі екенін сезіну үшін әлеуметтенудің түрлі кезеңдерінен өтуі керек. Әлеуметтендіру мәселесі ғылымда XIX ғасырдан бастап зерттеліп келеді. Десек те, қазіргі уақытқа дейін бұл саланың аз зерттелгенін алға тартамыз. Педагогика адамның әлеуметтенуін оның барлық жасына қатысты қарастырады. Адамның әлеуметтенуі-өте күрделі, көпфакторлы. Өмірінде кездесетін түрлі жағдаяттар тұлғаның дамуына қатты әсер етеді.

Зерттеу әдістері.

Профессор А.В.Мудрик әлеуметтенуге әсер ететін факторлардың 4 тобын көрсетті. Олар:

Мега факторлар-жер планетасының тұрғындарына әсер ететін әлем, ғарыш, планета.

Макрофакторлар-түрлі елде өмір сүретін адамдардың өміріне ықпал жасайтын мемлекет, этнос, қоғам.

Мезофакторлар-қала, аудан, ауыл-аймақ.

Микрофакторлар-отбасы, көршілер, өзінің құрдастары, тәрбие беру ұйымдары, діни ұйымдар [2].

Көрсетілген факторлардың екеуіне адам әсер ете алмайды. Оған қарсы тұратын қауқары болмайды. Соңғы екеуіне индивид белгілі бір дәрежеде ықпал етіп, өзі де сол ортамен біте қайнасып кетеді. Адам бір ортаға үйреніп, өзін еркін сезіне бастаса, ол бейімделу процесі жемісті өтіп жатыр деген сөз. Осы қоршаған орта ұғымына тоқталатын болсақ, ол:

- Адамның өмір сүретін және белсенділік ететін сферасы;

- Адамның табиғи және өзі жасаған материалдық дүниесі.

Орта - бір-бірімен тығыз байланысты төрт компоненттен тұратын жүйенің бөлігі. Ол табиғи орта, агротехникалық ортаның негізінде болған «екінші табиғат», жасанды орта «үшінші табиғат» және әлеуметтік орта. Орта ұғымына қатысты біраз ғалымдар өз тұжырымдарын айтқан болатын.

Қоршаған орта ұғымынан И.А.Карпюк «әлеуметтік орта» ұғымын бөліп қарастырады [3]. Әлеуметтік орта - жеке адамдардың, топтардың, институттардың, түрлі мәдениеттердің қарым-қатынасынан тұратын қоршаған ортаның бір бөлігі.

Әлеуметтік орта - күнделікті араласатын адамдардың ортасы. Оған отбасы, сыныптастар, мемлекет және т.б. жатады. Әлеуметтік ортаның адамның тұлға болып қалыптасуына маңызды рөл атқарады деген болатынбыз. Олай болса, адамның балалық шағынан бастап отбасы, балабақша, мектеп сияқты әлеуметтік топтағы белсенділігін арттыруымыз керек. Біздің зерттеуіміздің нысаны бастауыш сынып оқушылары болғандықтан білім беру ортасына тоқталамыз.

Ересектер мен балалардың ортасы бір-біріне ұқсамайды. Балалардың ортасында адамдар ғана емес, ойынға қатысты элементтер де болады. Білім беру ортасы білім беру процесіне қатысты материалдар мен іс-әрекеттердің ортасы. Білім беру ортасына қатысты ғалымдар жан-жақты ой айтқан бо-

латын. В.И.Слободчиков өз еңбегінде «білім беру ортасын тұрақты, бірмәнді деп қабылдауға болмайды. Білім беру ортасы білім беруші мен білім алушының кездескен жерінен, олар бірлесіп бір жобаны жоспарлап құра бастаған кезде басталады. Бұл ортаны жеке дамудың ресурсы ретінде қарастыруға болады», - дейді [4]. Н.А.Кочкина «білім беру ортасын балалардың дамуын қамтамасыз ететін шарттардың кешені», - деп айтады [5]. Қорыта айтқанда, білім беру ортасы балаға білім мен тәрбиені қоса беріп, оның тұлғалық дамуына зор әсер ететін орта. Осы білім беру ортасының заттық-дамытушы ортаның мәніне тоқталайық.

Заттық-дамытушы орта - педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық, психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады [6].

Заттық орта - айналамызды қоршаған барлық заттар. Оны түрлі мақсатта қолданып, күнделікті өмірімізде қажеттілігімізді өтейміз. Мектептегі заттық ортаға ғимарат, кабинеттер, спорт залы, жиһаздар, тақта, компьютер, қабырғаға ілінген стендтер, түрлі ақпараттық бұрыштар, сабақ кестесі, мектеп формасы, мектеп ішіндегі жарық, таза-лық, мектеп ауласы, т.б. кіреді. Заттық орта білім беру процесін жеңілдетіп, оқушылардың тиісті дәрежеде оқып, тәжірибе жасауына жағдай жасалуы керек. Сонымен қатар, оқушылардың денсаулығына, жүріс-тұрысына ешқандай қауіп туғызбауы тиіс. Барлық талаптарға сай келетін ортаны бір мұғалім жасай алмайды. Сондықтан мектептегі заттық ортаны жасауға мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар ат салысады.

Заттық-дамытушы орта-бұл баланың рухани және физикалық келбетінің мазмұнын

функционалды түрде модельдейтін баланың іс-әрекетінің материалдық объектілерінің жүйесі. Байытылған орта баланың әр түрлі іс-әрекетін қамтамасыз етудің әлеуметтік және табиғи құралдарының бірлігін білдіреді. Оқу-тәрбие процесін жабдықтау тәрбие мазмұнына, балалардың жасына, тәжірибесіне және даму деңгейіне және олардың қызметіне тікелей байланысты қалыптасады.

Даму ортасы баланың жеке басын қалыптастырудың тұтас процесінде стимулятор, қозғаушы күш ретінде әрекет етеді, жеке дамуды байытады, жан-жақты қабілеттердің ерте көрінуіне ықпал етеді.

Бала өмір сүретін орта, оның ішінде бөлме, тұрмыстық заттар, ойыншықтар, құрдастары мен ересектер оның дамуы мен қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылуы тұлғаның үйлесімді дамуына оң әсер етеді. Сондықтан маңызды педагогикалық проблемалардың бірі-дамытушы ортаны ұйымдастырудың баланың үйлесімді және сау дамуына дұрыс әсер етуі.

Дамытушы орта-бұл адамды қоршап тұрған материалдық өнімдердің жиынтығы. Адам бұл заттарды өмірлік процестерді ұйымдастыру және қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдаланады. Байытылған пәндік орта әр түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыруға жағдай жасайды және баланың дамуына ықпал етеді.

Заттық-дамытушы орта - бұл әр жас кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес балалардың дамуына, олардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға, ерекшеліктерін ескеруге және олардың дамуындағы кемшіліктерді түзетуге арналған арнайы ұйымдастырылған кеңістікпен, материалдармен, жабдықтармен ұсынылған білім беру ортасының бөлігі. Осыған байланысты, оқу процесін тәрбиеленушілер мен білім алушылардың денсаулығына зиян келтірмей, білім беру және тәрбие беру міндеттері ойдағыдай шешілетіндей, сондай-ақ организмнің өсуі мен дамуының қалыпты процесі қамтамасыз етілетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының даму аймағы

Аймақ атауы	Міндеттері
әлеуметтік-коммуникативтік	- бастауыш сынып оқушыларының оң әлеуметтенуі; - балаларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам және мемлекет дәстүрлеріне тарту
танымдық	- сенсорлық, зияткерлік-танымдық және зияткерлік-шығармашылық болып бөлуге болатын балалардың танымдық қызығушылықтары мен танымдық қабілеттерін дамыту
сөйлеу	- өз халқының әдеби тілін меңгеру негізінде ауызша сөйлеу және басқалармен ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру
көркем-эстетикалық	- өнер туындыларын (ауызша, музыкалық, бейнелеу), табиғат әлемін құндылық – мағыналық қабылдау мен түсінудің алғышарттарын дамыту; - қоршаған әлемге эстетикалық қатынасты қалыптастыру
физикалық	- үйлесімді физикалық даму; - дене шынықтыру сабақтарына қызығушылық пен құндылықты қалыптастыру; - салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру.

Дұрыс ұйымдастырылған заттық ортаның дамытушылық сипаты болғаны дұрыс. Т.Е. Платонова айтқандай, даму ортасы мобильді және динамикалық болуы керек [7]. Заттық-дамытушы ортаның білім беру, тәрбиелік, ынталандырушы және коммуникативтік қызметі болуы керек. Ең басты мақсат – оқушылардың өз-өзіне деген сенімділігін арттыратын, өзіне қажеттіні таба алатын орта жасау.

Біз бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіруде заттық-дамытушы ортаның маңызын анықтау мақсатында зерттеу жұмысын жүргіздік. Зерттеу жұмысы төрт аптаға созылып, Кентау қаласындағы «Шобанақ» жалпы орта мектебінде екі сыныпты, яғни 1 «А» және 1 «Б» сыныптарында салыстыру жұмыстары жасалынды. Зерттеудің алғашқы аптасында екі түрлі сынып бөлмесінде заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

1 «А» сынып бөлмесін талапқа сай барлық заттарды қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, оқушылардың жас ерекшелігіне және оқу бағдарламасына сай заттық-дамытушы ортаны ұйымдастырдық. Оқу бөлмесінде та-

лапқа сай дидактикалық материалдар, жасыл бұрыш пен жануарлар әлемі, сахналық қуыршақтар, ойыншықтар, «Шебер қолдар» аймағы, кітаптар сөресі толықтай орналастырылды.

1 «Б» сыныбын заттық-дамытушы ортада материалдарды, ойыншықтар мен кітап сөрелері, сонымен қатар жасыл аймақ, сахналық қуыршақтар жеткіліксіз жасалынды. Ұйымдастыру кезінде сынып жетекшісі мен ата-аналары да қатысты. Зерттеу жұмысында баланың 5 даму аймағына бақылау жасалып, оған міндеттер қойылды.

1-кесте арқылы заттық-дамытушы ортаны дұрыс ұйымдастыру негізінде балада даму аймақтарының қалай қалыптасатынын анықтаймыз. Яғни, бұл зерттеу жұмысында біз екі сыныптың оқушыларын заттық-дамытушы орта әсерінен оқушының іс-әрекетінде белсенді әрі тәуелсіздіктің қалыптасуы, оқушыға шығармашылық, танымдық және эстетикалық дамуы мен оқушылардың бір-біріне және ортасына деген қарым-қатынасын бақылап, салыстырамыз. Үш апта бойы екі сыныпты бақылау жұмыстары жүргізілді.

Талқылау.

Зерттеу барысында 1 «А» және 1 «Б» сынып оқушыларын бақыладық. Зерттеуде 1 «А» оқушылары басында әрбір материалдарды көріп, қолдарына ұстап танысты. Жасыл бұрыш пен жануарлар әлемі, қуыршақтарды көріп шықты. Бір-біріне өз әсерлерімен бөлісіп, «Бұл не?», «Мына ойынды қалай ойнаймыз?», «Қуыршақтар қай ертегіден алынған?» деген сұрақтар қойды. Осылайша оқушылар ең алдымен заттармен танысты.

Оқушылар келесі күндері заттарды қолданып, өзіне ұнаған жұмыстармен айналысты. Бір-бірімен әртүрлі ойындар ойнап, көңіл күйлері көтеріңкі болды. Қуыршақтарды пайдаланып үзіліс кездерінде және тақырыпқа байланысты сахналық көріністер қойды. Оқушылардың бір-біріне қарым-қатынасы арта түсті. Өз ойларын бір-біріне айтып, еркін сөйлей бастады. Сабаққа деген қызығушылығы артып, сабақ кезінде пайдалануға болатын материалдарды тауып, олармен жұмыс жасай бастады. Өсімдіктерге қызығатын үш оқушы жасыл бұрышта орналасқан өсімдіктерді бақылап, бір-бірімен ойларын бөлісті. Кітап сөресінде орналасқан ертегілер, суретті кітаптарды және әдеби кітаптарды алып оқи бастады. Шығармашылыққа қызыққан оқушылар «Шебер қолдар» аймағында өз суреттерін сызып, өз өнерлерін бір-біріне көрсетті. Тіпті әр апта соңында көрме ұйымдастырылды. Әр оқушы өзінің туындыларын көрсетіп, таныстырып шықты. Сонымен қатар, оқушылар әртүрлі логикалық ойындар, тапсырмалар берілген карточкаларды алып орындай бастады. Сабақ кезінде мұғалім тақырыпқа байланысты «Қай затты мына тақырыпқа байланысты пайдалануға болады?» деп сұрақ қойған кезде, оқушылар заттарды таңдап, қолдана алды.

1 «Б» сынып оқушылары 1 «А» сынып оқушыларына қарағанда пассив болды. Өйткені сыныпта заттық-дамытушы орта құрылғанымен, заттар жеткіліксіз орналастырған. Оқушылар зерттеу алғашқы кезеңінде заттармен танысып шықты. Оқушылар оларды ойнап, тапсырмалар берілген карточка-

лар мен материалдарды қолданды. Оқушылар әр затқа қызығып қарады. Бірақ заттар аз болғаны үшін, оқушылар бірнеше күннен кейін мүлдем материалдарды қолданбады. Осы зерттеу жұмысын талдап біз нәтижелер шығардық.

Зерттеу жұмысының нәтижесіне сүйені отырып, заттық-дамытушы ортаның баланы әлеуметтендірудегі орны зор екендігі анықталды. Заттық-дамытушы орта баланың жасына қарай ыңғайланып жасалынуы керек. Бастауыш сынып оқушысы 5-6 жас пен 10-11 жас аралығын қамтиды. Бұл аралық бала дамуындағы маңызды кезеңді құрайды. В.В.Давыдовтың пікірінше [8], кіші мектеп жасындағы бала өзінің өмірінде бірінші рет әлеуметтік маңызы бар, қоғамның бағасына лайықты білім алу процесімен айналысады. Бала мектеп табалдырығын аттаған соң бұрынғыдай ойын ол үшін ең бірінші іс болудан қалады. Ойын оқумен бірге бала өмірінде араласып отырады. Сондықтан мектепте бейімделу процесі жайлы болу үшін сабақты ойын түрінде өткізеді. Сонымен қатар, ойын бұрышы ұйымдастырылса, бірінші сынып оқушыларының коммуникативтік дағдылары жақсы қалыптасып, сыныптағы атмосфера қалыпты болар еді. Оқу жылының басында оқушы үшін білім алу жай ғана процесс көрінеді. Оның ойында білімді қабылдау, үйрену ұғымдары қалыптаспаған.

Оқушының эмоционалдық күйі оның мұғаліммен, сыныптастарымен, ата-анасымен қарым-қатынасына қарай құбылып отырады. Бұл жастағы балалардың қуануы да, жылауы да, ашулануы да тез. Сондықтан мұғалім заттық ортаны мейлінше кәсіби деңгейде дайындау керек. Мысалы, сары түс оқушының зейіні мен қабылдауына әсер етеді.

Мектептегі заттық-дамытушы ортаның дұрыс құрылуына тоқталайық. Жоғарыда атап өткеніміздей, күнделікті көзге көрінетін түстер оқушының ойлау қабілетіне, ақпаратты қабылдауына көп әсер етеді. Кабинеттің қабырғасы сарғылтқа жақын ашық түстермен боялғаны жақсы немесе жылы түстерді қолдануға болады.

Келесі оқу аймағына тақта, парта мен

орындықтар, мұғалімнің жұмыс үстелі кіреді. Тақта үш бөлікті болып, биіктігін реттелетін болуы керек. Тақтаның түсі қою жасыл болғаны дұрыс. Қара тақта жазуды ажыратуда қиындық туғызады, ал қоңыр тақтаның әсері тіптен еңсені басатыны анықталды. Тақта еденнен 70-90см биіктікте тұрады. Жай тақтамен бірге кабинетте интерактивті тақта немесе проектор экран болуы керек.

Парта мен орындықтарды сабақтың формасына қарай өзгертіп отыруға болады. Жалпы парта мен тақтаның арақашықтығы 1,5-2м болады. Оқушының физиологиясына қарай орындықтар мен партаның биіктігі реттеліп отырады. Сондықтан осы талаптарға сай ыңғайлы жиһаздардың болғаны дұрыс. Мұғалімнің жұмыс үстелінде жеке компьютері болады. Компьютердің Интернет желіге кіріп, мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге жағдай жасалады.

Кабинеттегі ақпараттық аймаққа қабырғаға ілінген стендтер, сынып бұрышы, көрнекілік құралдар кіреді. Стендтер мазмұнына қарай кабинетте оқушыларға көрінетіндей жерде ілінгені дұрыс. Кабинеттің артқы жағына ілінген материалдардың қаралымы аз болатынын ескеру керек. Көрнекілік материалдарға қойылатын негізгі талап жазудың ірі, анық болуы, оның мазмұнын барлық оқушылар оқи алатындай биіктікке ілу керек. Сонымен қатар ақпараттық материалға мемлекеттік рәміздер: Гимн, Елтаңба, Ту кіреді. Оқушыларды бірінші күннен рәміздермен таныстырып, оның мәні мен маңызын айта беру керек. Осы арқылы оқушылардың бойында патриоттық рух қалыптастыру мақсаты орындалады. Кабинеттегі ақпараттық стендтерге сынып бұрышы да маңызды орын алады. Ол жерде оқушылар туралы толық ақпарат, фотосуреттер, оқушылардың жетістіктері жазылады. Кіші сыныптарда стенд дайындау үшін анық, қанық түсті пайдаланып, әріптерді сурет кейпінде жасаған дұрыс болар. Неғұрлым көңілді, қызықты материалдар баланың назарын аударады.

Кіші сыныптарда сонымен бірге ойын аймағы болуы керек. Осыған байланысты Р.А.Кирьянова өз еңбегінде «кеңістікті ұйымдастыру

ойындарға мүмкіндік беруі керек», - деп айтқан [9]. Соған сай жұмсақ жиһаздар, ойыншықтар, қызықты кітаптар қояды. Кіші сыныптағы оқушылардың денсаулығын сақтау үшін неғұрлым қолайлы, үй жағдайындағы аура жасайды. Осы сыныптардың мұғалімі баланың шығармашылық қабілетін арттыру үшін «Шебер қолдар» деген сияқты аймақ ұйымдастыруы қажет. Оқушылардың жұмыстары жеке аталып, таныстырылады. Бұл баланың тұлғалық өсуіне, ішкі «меніне» жақсы әсер етеді. Кабинетті түрлі аймаққа бөлу арқылы оқушылардың потенциалын ашуға мүмкіндік жасалады. Тек қана оқыту процесі олардың тез жалығып, шаршауына әкеп соғады. Кабинеттің әр аймағында оқушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады. Бір-бірін тыңдап, сезімдеріне құрметпен қарауды үйренеді. Сәтті ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта оқушының бойында мектепке деген жақсы ой қалыптастырады. Оқу үлгерімі артып, дүниетанымы кеңейеді. Мұғалім кейін бұл аймақтарды оқушылардың жасы мен қызығушылығына орай ауыстыра алады. Кабинетте көгалдандыру аймағы болуы керек. Түрлі гүлдердің болуы экологиялық, эмоционалдық жағынан оң әсерін тигізеді. Гүлдердің атауы жазылып, күтімі туралы ақпарат айтып отырса, оқушылар үшін қосымша білім болар еді. Кабинетті безендіру кезінде түрлі суреттер мен бұйымдарды шектен тыс пайдалануға болмайды. Бұл оқушының ойын бөліп, зейінін жинақтауға кері әсерін тигізеді. Барлығын жинақтай келе С.В.Моисеева өз еңбегінде айтып өткендей балалар үшін белгілі бір «кіші-ғалам» құрастыру қажет [10].

Сонымен қатар, сынып бөлмесін жобалауда ата-аналар туралы да ұмытпау қажет. Сынып бұрышы мен ата-аналарға арналған бұрыш ақпараттық аймаққа жатады. Ата-аналарға арналған бұрыш мұғалім мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас болуы үшін қажет, ол оқытудың жақсы нәтижесін береді. Қажетті ақпаратты хабарлау, қол жеткізген нәтижелермен бөлісу үшін сыныпта ата-аналарға арналған бұрыш жасалады. Бұл стендтегі ақпарат өзекті болуы керек, яғни мұғалім ата-аналар үшін маңызды және пайдалы мәліметтерді үнемі жаңартып отыруы керек.

Сонымен қатар, кабинетте санитарлық-гигиеналық талаптарға сай раковина, дәретхана қағазы, сабын, сүлгі болуы тиіс. Бұл балаларды гигиеналық тәрбиеге баулиды.

Нәтижелер.

Жүргізілген зерттеу жұмысымыздың нәтижесі заттық-дамытушы орта баланың дамуына үлкен әсер ететіндігін көрсетті. Сыныпта заттық-дамытушы ортаның бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудегі орны зор екендігі анықталды. Зерттеу нәтижесін талдай келе, заттық-дамытушы орта оқушыларда қуаныш сезімін, мектепке эмоционалды оң қатынасты, оған қатысуға деген ұмтылыстарды тудырды, сонымен қатар оқушыларда жаңа әсерлер мен біліммен байытылды, оқушылардың интеллектуалды дамуына ықпал етіп, шығармашылық белсенділіктерін оятты.

Сонымен қатар, сыныпта ортаны ұйымдастыру кезінде оқушылардың ата-аналарымен өзара әрекеттесуі үлкен рөл атқарды. М.В.Лукьянова және А.С.Лукьянов өз еңбектерінде «отбасы осы жастағы баланың даму ерекшеліктерімен байланысты заттық-дамытушылық ортаны құру жағдайларын ескере отырып, мектеп жасына дейінгі бала үшін дамушы орта ретінде әрекет етеді» [11],- деп айтып өткен. Сондықтанда баланың дамуы үшін мұғалім ата-анамен бірге жұмыс жасауы қажет.

Сыныпта «Бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіруде заттық-дамытушы ортаның маңызы» бойынша өткізілген зерттеу жұмысында заттық-дамытушы ортаны дұрыс ұйымдастыру негізінде келесі нәтижелерге қол жеткіздік:

1. Сыныпта барлық оқушылар белсенді тәуелсіз қызметке кіреді. Әрбір оқушы өз қызығушылықтары бойынша сабақты таңдайды, ол әр түрлі материалдардың қол жетімділігімен және оларды орналастырудың ыңғайлылығымен қамтамасыз етілді.

2. Сыныптағы оқушылардың шулау деңгейі төменделді, мұғалімнің дауыс ырғағы бір қалыпты, үстемдік етпей, жақсы естілді.

3. Зерттеу кезінде оқушылар арасындағы келіспеушілік жағдайларының саны бірнеше-

ге азайды: олар ойынды, ойыншықтарды және түрлі материалдарды келісіммен бөлісіп, өздеріне қызықты болған жұмыстармен айналысты.

4. Оқушылардың өзіндік іс-әрекетінің өнімділігі артты: көптеген суреттер мен қолөнері, әртүрлі эксперименттер және басқа да заттарды оқушылар қызыға орындады.

5. Сыныпта оқушылардың жағымды эмоционалды көңіл-күйі, олардың ашықтығы, көңілділігі, мектепке баруға деген ықыласы басым болды.

Осылайша, дұрыс ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта әрбір оқушыға өзіне ұнайтын жұмысты табуға, өздерінің күштері мен қабілеттеріне сенуге, ересек адамдармен және сыныптастарымен өзара әрекеттесуді үйренуге, олардың сезімдері мен іс-әрекеттерін түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша бұл дамытушылық оқытудың негізі болып табылады. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы психологиялық қауіпсіз заттық-дамытушы орта мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық сау тұлғасын дамытуға ықпал етіп қана қоймай, білім беру процесінің барлық қатысушыларының психикалық денсаулығын жақсартуға ықпал етеді» [12], -деп Е.В. Барышникова өз еңбегінде айтып кеткен. Сондықтанда балаға қолайлы орта ұйымдастыру қажет.

Қорытынды.

Бастауыш сынып оқушылары - әлі буыны қата қоймаған, оң-солын ажырата алмайтын жас жеткіншектер. Олардың қоғамда өз орнын тауып, тұлға боп қалыптасуы ерте жастан басталады. Отбасы, балабақша, мектеп қабырғасында әлеуметтену процесі бала денсаулығына кері әсерін тигізбей өту үшін әлеуметтік ортаның дұрыс ұйымдастырылуы қажет. Білім беру ортасы - әлеуметтік ортаның бірі. Білім беру ортасынан заттық-дамытушы ортаның бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендірудегі орны зор.

Бастауыш мектепте дамып келе жатқан заттық-дамытушы орта бастауыш білім беру сапасын бағалаудың маңызды критерийлерінің

бірі. Бұл оқушының жан-жақты дамуына және қоғамдағы дұрыс әлеуметтенуі үшін қоршаған орта маңыздылығына байланысты.

Бастауыш сынып оқушылары үшін әлеуметтік өмір жағдайлары және қарым - қатынастан, оқу ойындары мен қоршаған ортаның дамып келе жатқан әсерінен-тәрбие мәдениеті деп есептелетін барлық нәрсе маңызды болып табылады. Сонымен қатар, сыныптың заманауи интерьері мен дизайны: жабдықтар, жиһаздар, ойыншықтар мен балаларға арналған құралдар заттық ортаның қажетті компоненттерінің бірі. Ең маңызды шарты-балалардың жас ерекшеліктерін ескеру.

Қорытындылай келе, заттық-дамытушы орта мазмұнды, өзгертін, қаныққан, өзгермелі, көп функционалды, қол жетімді және оқушыларға қауіпсіз жасалса деген ұсыныс білдіріп отырмыз. Сонымен қатар, заттық-дамытушы ортаны құру, бастауыш сынып оқушыларының дұрыс әлеуметтенуінің шарты ретінде оқу-тәрбие үдерісіне қатысушыларының сындарлы әрекеттесуінің психологиялық негіздері, бастауыш мектеп мекемесінің ортасының дизайны мен эргономикасын және оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек. Себебі орта бала өмірінің алғашқы сәттерінен белгілі бір әсерін типізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі [Электрондық ресурс] - URL: <https://www.primeminister.kz/kz/addresses/01092021> (қаралған күні: 01.09.2021).
2. Мудрик А.В. Социализация человека. - Москва: Изд-во Московского психолого-социального ин-та. - 2011. - 736 с.
3. Карпюк И.А., Чернова М.Б. Воспитательная система школы. Пособие для руководителей и педагогов общеобразовательных школ. - Минск: Вышейшая школа. - 2002. - 167 с.
4. Слободчиков В.И. Образовательная среда: реализация целей образования в пространстве культуры // Новые ценности образования: культурные модели школ - 1997. -Т. 7. - 177–184 с.
5. Кочкина Н.А., Куликова Н.В. Интерактивная образовательная среда как условие повышения эффективности образовательного процесса в соответствии с требованиями ФГОС до // Сборник материалов Ежегодной международной научно-практической конференции «Воспитание и обучение детей младшего возраста». - Москва, 2016. - 672–674 с.
6. Г.Т.Абдуллина, Д.Х.Бабажанова. Орта мектептің 1-сынып оқушыларына заттық-дамытушы ортаны жобалау. «XXI ғасырдың білім беру парадигмасы: жаңа үрдістер, тәсілдер мен технологиялар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясы. Атырау-Орал, 2021.- 210-214 б.
7. Платонова Т.Е. Развитие познавательных способностей детей дошкольного возраста в условиях развивающей предметно-пространственной среды. // Андреевские чтения: современные концепции и технологии педагогического образования в контексте творческого саморазвития личности. - Казань: - 2017. - 166–172 с.
8. Давыдов В.В., Слободчиков В.И., Цукерман Г.А. Младший школьник как субъект учебной деятельности // Вопросы психологии - 1992. -Т. 4. - № 3. - 14–19 с.
9. Кирьянова Р.А. Проектирование предметно-развивающей среды в дошкольном образовательном учреждении компенсирующего вида. -Спб.: КАРО. - 2007. -80 с.
10. Моисеева С.В. Развивающая среда в детском саду // Вопросы науки и образования - 2016. -Т. 15. - № 3. - 178–180 с.
11. Лукьянова М. В., Лукьянов А.С. Семья как развивающая среда для ребёнка дошкольного возраста // Вестник Северо-Кавказского федерального университета - 2017. -Т. 58. - № 1. - 111–116 с.
12. Барышникова Е.В. Психологическая безопасность предметно-развивающей среды в дошкольной образовательной организации // Азимут научных исследований педагогика и психология - 2018. -Т. 7. - № 3. - 259–263 с.

Г.Т.Абдуллина, Д.Х.Бабажанова

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан***Роль предметно-развивающей среды в социализации младших школьников**

Аннотация. В статье затронуты роль и значение предметно-развивающей среды при социализации младших школьников. Были рассмотрены основные требования и процесс создания предметно-развивающей среды.

Изучено, каким требованиям соответствует предметно-развивающая среда для учащихся начальных классов, представлены ее модели, показаны пути организации в соответствии со школьной программой. Обсуждены требования к успешной социализации младших школьников.

Рассмотрены качество и содержание игрового оборудования и наглядных пособий, размещенных в классе. Проведена исследовательская работа, в результате которой было показано, что правильно организованная предметно-развивающая среда оказывает большое влияние на всестороннее развитие ребенка, веру ребенка в себя, взаимодействие взрослых и сверстников и на навыки общения ребенка. Также подчеркивается, что при организации такой среды необходимо уделять внимание индивидуальным способностям, интересам, возрастным особенностям, активной деятельности каждого учащегося.

Ключевые слова: предметно-развивающая среда, начальная школа, образование, социализация.

G.T. Abdullina, D.H. Babazhanova

*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan***The role of the subject-developing environment in the socialization of primary schoolchildren**

Abstract. The article deals with the role and importance of the subject-developing environment in the socialization of primary school children. The main requirements and the creation of a subject-development environment were announced.

The article examines the requirements of the subject-development environment for primary school students, and shows the ways of organization in accordance with the school curriculum. Research work was carried out to determine the importance of the subject-developing environment in the socialization of primary school children, as a result of which it was shown that a properly organized subject-developing environment has a great influence on the comprehensive development of the child, the child's interaction between adults and peers. It was also considered that when organizing the environment, it is necessary to pay attention to the individual abilities and age of each student.

Keywords: subject-developing environment; primary school; education; socialization.

References

1. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Kazakstan halkyna Zholdauy. Halyk birligi zhane zhujeli reformalar – el orkendeuinin berik negizi [Address of the President of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev to the People of Kazakhstan. People's unity and systemic reforms - a solid foundation for the country's prosperity [Электрондық ресурсы]- URL: <https://www.primeminister.kz/kz/addresses/01092021> (Accessed: 1.09.2021).
2. Mudrik A.V. Socializaciya cheloveka [Human socialization] (Publishing House of the Moscow Psychological and Social Institute, Moscow, 2011, 736 p.).
3. Karpyuk I.A., Chernova M.B. Vospitatel'naya sistema shkoly [Educational system of the school]. A manual for managers and teachers of secondary schools (Higher School, Minsk, 2002, 167 p.).
4. Slobodchikov V.I. Obrazovatel'naya sreda: realizaciya celej obrazovaniya v prostranstve kul'tury [Educational environment: implementation of educational goals in the cultural space], Novye cennosti obrazovaniya: kul'turnye modeli shkol [New values of education: cultural models of schools], 7, 177–184 (1997).
5. Kochkina N.A., Kulikova N.V. Interaktivnaya obrazovatel'naya sreda kak uslovie povysheniya effektivnosti obrazovatel'nogo processa v sootvetstvii s trebovaniyami FGOS do [Interactive educational

environment as a condition for improving the efficiency of the educational process in accordance with the requirements of the Federal State Educational Standard up to], Sbornik materialov Ezhegodnoj mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Vospitanie i obuchenie detej mladshego vozrasta» [Collection of materials of the Annual International Scientific and Practical Conference « Education and training of young children»] (Moscow, 2016, 672–674 p.).

6. Abdullina G.T., Babazhanova D.H. Orta mekteptin 1-synyp okushylaryna zattyk-damytushy ortany zhobalau. «XXI gasyrdyn bilim beru paradigması: zhana urdister, tasilder men tehnologijalar» atty Halykaralyk gylymi-praktikalyk onlajn-konferencijasy [Design of property-developing environment for 1st grade students of secondary school. International scientific and practical online conference «The educational paradigm of the xxi century: new trends, approaches and technologies» (Atyrau-Oral, 2021, p. 210-214).

7. Platonova T.E. Razvitie poznavatel'nyh sposobnostej detej doshkol'nogo vozrasta v usloviyah razvivayushchej predmetno-prostranstvennoj sredy [Development of cognitive abilities of preschool children in a developing subject-spatial environment], Andreevskie chteniya: sovremennye koncepcii i tekhnologii pedagogicheskogo obrazovaniya v kontekste tvorcheskogo samorazvitiya lichnosti [Andrew's readings: Modern concepts and technologies of pedagogical education in the context of creative self-development of the individual] (Kazan, 2017, p. 166–172).

8. Davydov V.V., Slobodchikov V.I., Cukerman G.A. Mladshij shkol'nik kak sub»ekt uchebnoj deyatel'nosti [Primary school student as a subject of educational activity], Voprosy psihologii [Questions of psychology], 3 (4), 14-19 (1992).

9. Kir'yanova R.A. Proektirovanie predmetno-razvivayushchej sredy v doshkol'nom obrazovatel'nom uchrezhdenii kompensiruyushchego vida [Design of the subject-developing environment in the preschool educational institution of the compensating type] (KARO, Saint Petersburg, 2007, 80 p.).

10. Moiseeva S.V. Razvivayushchaya sreda v detskom sadu [Developing environment in kindergarten], Voprosy nauki i obrazovaniya [Issues of science and education], 3 (15), 178–180 (2016).

11. Luk'yanova M. V., Luk'yanov A.S. Sem'ya kak razvivayushchaya sreda dlya rebyonka doshkol'nogo vozrasta [Family as a developing environment for a preschool child], Vestnik Severo-Kavkazskogo federal'nogo universiteta [Newsletter of North-Caucasus Federal University], 1 (58), 111–116 (2017).

12. Baryshnikova E.V. Psihologicheskaya bezopasnost' predmetno-razvivayushchej sredy v doshkol'noj obrazovatel'noj organizacii [Psychological safety of the subject-developing environment in a preschool educational organization], Azimut nauchnyh issledovaniy pedagogika i psihologiya [Azimuth of Scientific Research: Pedagogy and Psychology], 3 (7), 259–263 (2018).

Авторлар туралы мәлімет:

Абдуллина Г.Т. – корреспондентия үшін автор, PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім технологиялары кафедрасының доцент м.а., Б. Саттарханов даңғ., 29, Түркістан, Қазақстан.

Бабажанова Д.Х. – бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2-курс магистранты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің гуманитарлық ғылымдар факультеті, Б. Саттарханов даңғ., 29, Түркістан, Қазақстан.

Abdullina G.T. – **Corresponding author**, Acting Associate Professor of the Department of educational technologies of the Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish university, 29 B. Sattarkhanov Ave., Turkestan, Kazakhstan.

Babazhanova D.H. – 1st year master's student of the specialty pedagogy and methods of Primary Education, Faculty of Humanities, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish university, 29 B. Sattarkhanov Ave., Turkestan, Kazakhstan.